

Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету қағидасы туралы

Күші жойған

Астана қаласы мәслихатының 2010 жылғы 13 желтоқсандағы № 410/54-IV Шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2011 жылғы 24 қаңтарда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 666 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2014 жылғы 27 маусымдағы № 250/36-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 27.06.2014 № 250/36-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. Шешімнің тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша «Ережесі», «Ереже», «Ережемен», «Ережеде», «Ереженің», «Ережеге», «ережесіне», «ережесінде», «ережесінің», «ережесін» деген сөздер «Қағидасы», «Қағида», «Қағидамен», «Қағидада», «Қағиданың», «Қағидаға», «қағидасына», «қағидасында», «қағидасының», «қағидасын» деген сөздермен ауыстырылды - Астана қаласы мәслихатының 27.03.2014 № 225/31-V (алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы", "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы", "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы", "Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Астана қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Осы шешімге 1-қосымшаға сәйкес, Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету қағидасы б е к і т і л с і н .

2. Осы шешімге 2-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Астана қаласы мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оны алғашқы ресми жариялаған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласы мәслихаты
сессиясының төрағасы

Астана қаласы мәслихаты
Е. Оспанов

Астана

қаласы

мәслихатының

2010

жылғы

13

желтоқсандағы

№

410/54-IV

шешіміне

1-қосымша

Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету ҚАҒИДАСЫ

Осы Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету қағидасы (бұдан әрі – Қағида) 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексiне, "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерiне және соларға теңестiрiлген адамдарға берiлетiн жеңiлдiктер мен оларды әлеуметтiк қорғау туралы" 1995 жылғы 28 сәуiрдегi, "Қазақстан Республикасының мемлекеттiк наградалары туралы" 1995 жылғы 12 желтоқсандағы, "Қазақстан Республикасында мүгедектердi әлеуметтiк қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуiрдегi, "Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесi туралы" 2007 жылғы 21 шiлдедегi Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзiрлендi.

1-тарау. Жалпы қағидалар

1. Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтiк көмек (бұдан әрi – Әлеуметтiк көмек) қалалық бағыттағы жолаушылар көлiгiнде жол ақысын төлеуден босату түрiнде және ақшалай төлемдер түрiнде тегiн қызметтердi көрсету түрiнде ұсынылады.

Әлеуметтiк көмек көрсету тәртiбi, мөлшерi және түрлерi осы Қағидамен белгiленедi.

2. Әлеуметтiк көмек Астана қаласында тiркелген және тұрақты тұратын азаматтарға көрсетiледi.

3. Астана қаласының бюджетi Әлеуметтiк көмектi қаржыландыру көзi болып табылады.

4. Әлеуметтiк көмек "Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтiк бағдарламалар басқармасы" мемлекеттiк мекемесi әкiмшiсi (бұдан әрi – Әкiмшi) болып табылатын "Жергiлiктi өкiлеттi органдардың шешiмдерi бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтiк төлемдер" бюджеттiк бағдарламасына (бұдан әрi – Бағдарлама) сәйкес және тиiстi қаржылық жылға қала бюджетiнде осы мақсаттарға көзделген қаражат шегiнде ұсынылады.

5. Әкімші мемлекеттік сатып алулар туралы заңнамаға сәйкес Бағдарламаны іске асыру мақсатында Әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі қызметті жеткізушілерді (бұдан әрі – Жеткізушілер) анықтайды, тараптардың міндеттері мен осы міндеттерді орындау шарттары аталған мемлекеттік сатып алулар туралы ш а р т т а р ж а с а с а д ы .

6. Әлеуметтік көмек көрсету үшін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Астана қалалық филиалы (бұдан әрі – ЗТМО) қажеттілігіне қарай Әкімшіге осы Қағидада көрсетілген санаттарға жататын азаматтар туралы мәліметтерді, сондай-ақ ай сайын ЗТМО деректер қорында тіркелген, жаңадан тағайындалған және келген азаматтар туралы мәліметтерді (электрондық және қағаз ж е т к і з у ш і л е р д е) ұ с ы н а д ы .

7. Әлеуметтік көмек алушы Астана қаласынан тіркеуден шыққан немесе қайтыс болған жағдайда осы айғақтың белгілі болған айынан бастап Әлеуметтік көмек к ө р с е т у т о қ т а т ы л а д ы .

8. Осы Қағидада мынадай ұғымдар қолданылады:

1) аз қамтылған отбасылар – жиынтық табысы азық-түлік себетінің құнынан төмен, атаулы әлеуметтік көмек және он сегіз жасқа дейінгі балаларға тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы алушылар с а н ы н а н о т б а с ы л а р ;

2) Ардагерлер кеңесі – "Қазақстан Республикасының ардагерлер ұйымы" қоғамдық б і р л е с т і г і н і ң қ а л а л ы қ ф и л и а л ы ;

3) Ардагерлер кеңесінің үнемі жұмыс істейтін комиссия мүшелері – Ардагерлер кеңесімен бірігіп, соғыс және еңбек ардагерлерімен, зейнеткерлермен жұмыс жүргізетін зейнеткерлік жастағы адамдар;

4) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар – ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе олардан айырылуына, ата-анасы хабар-ошарсыз кетті деп танылуына, олар өлді деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз (әрекет қабілеті шектеулі) деп танылуына, ата-анасының бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, ата-анасының баласын тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде ата-анасының өз баласын тәрбиелеу немесе емдеу мекемелерінен алудан бас тартуына байланысты, сондай-ақ ата-анасы қамқорлық жасамаған өзге де жағдайларда жалғыз басты ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынсыз қалған балалар;

5) бала жасынан мүгедектер – он сегіз жасқа толғанға дейін басталған және тіршілік-тыныс-тіршілігінің шектелуіне әкеп соқтыратын кемістіктер немесе жарақаттар, сырқаттардың салдарынан ағза қызметтерінің тұрақтылығы бұзылуынан д е н с а у л ы ғ ы б ұ з ы л ғ а н а д а м д а р ;

6) балалар үйлерінің түлектері – қамқорлық және қорғау органдарының шешімі бойынша балалар үйлерінде тұратын қамқорлыққа алынғандар;

7) гранттарды беру жөніндегі комиссия – қаланың жоғары оқу орындарында оқу ақысын төлеу үшін жалпы білім беретін мектептер түлектеріне ақшалай төлемдерді тағайындау бойынша Астана қаласының әкімдігімен құрылатын және қала мәслихатымен бекітілетін қалалық комиссия;

8) еңбек ардагерлері – олардың қызметі тоқтатылуына байланысты олар зейнеткерлікке шыққан кәсіпорындар мен ұйымдардан көмек алмайтын зейнеткерлік жастағы адамдар;

9) еңбегі сіңген соғыс және еңбек ардагерлері – қаланың қоғамдық өміріне белсене ат салысқан соғыс және еңбек ардагерлері;

10) қалалық жолаушылар көлігінің бағыттары – Қазақстан Республикасының көлік туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын Астана қаласының жолаушыларын автомобильмен тұрақты тасымалдау бағыттары;

11) көп балалы аналар – "Алтын алқа" және "Күміс алқа" алқаларымен наградталған көп балалы аналар;

12) көп балалы отбасылар – бірге тұратын төрт және одан да көп кәмелетке толмаған балалары, оның ішінде жалпы білім беретін, жоғары және орта кәсіптік оқу орындарында күндізгі оқу нысанында оқитын балалары бар, бірақ әрі дегенде 23 жасқа толғанға дейін, балалары кәмелеттік жасқа толғаннан кейін оқу орнын бітіретін уақытқа дейінгі отбасылар; отбасы атынан анасы, әкесі болмаса балалардың қамқоршысының (қорғаншысы) хабарласуына құқығы бар;

13) мұқтаж зейнеткерлер – жалғызбасты тұратын, ең төмен мөлшерде зейнетақы және жасы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар санынан зейнеткерлер;

15) тұлдыр жетімдер – бір немесе екі ата-анасынан айырылған балалар.

2-бөлім. Тегін қызметтерді көрсету түрінде әлеуметтік көмек 1-тарау.

Жалпы қағидалар

9. Осы тарау келесі тегін қызмет түрлерін көрсету түрінде Әлеуметтік көмектің тәртібін анықтайды:

1) тіс протездеу, бағалы металдардан жасалған протездерден басқа, (бұдан әрі – тіс протездеу);

2) шипажайлық-курорттық емделу;

3) Астана қаласының жүріп-тұруы қиын мүгедектерін тасымалдау;

4) ресми мерзімді баспасөз басылымдарына жазылым.

Осы тармақтың 4) тармақшасына көрсетілген Әлеуметтік көмек 2011 жылдың 1 шілдесіне дейін көрсетіледі.

5) дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2011.03.11 N 439/59-IV (алғашқы рет ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

10. Әкімші Жеткізушілер қызметтерін төлеуді көрсетілген қызметтердің ұсынылған тізімдемелері мен атқарылған жұмыстардың актілері және ЗТМО деректер базасымен салыстырылған әлеуметтік көмек алушы азаматтар тізімдерінің негізінде жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға сәйкес жүргізеді.

11. Осы Қағиданың 9-тармағында көрсетілген Әлеуметтік көмек соғыс ардагерлеріне кезектен тыс беріледі.

12. Тегін қызмет көрсету түріндегі пайдаланылмаған Әлеуметтік көмектің ақшалай өтемақысы төленбейді.

2-тарау. Тіс протездеуге Әлеуметтік көмек

13. Тіс протездеуге Әлеуметтік көмек екі жылда бір рет азаматтардың мына санаттарына:

1) соғыс ардагерлері мен "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6, 8-баптарымен мәртебесі анықталған соғыс ардагерлеріне, соларға теңестірілген тұлғаларға адамдарға;

2) жасы бойынша зейнеткерлерге;

3) бірінші және екінші топ мүгедектеріне;

4) көп балалы отбасыларға ұсынылады.

14. Әкімші Жеткізушілермен шарт жасасқаннан кейін он күнтізбелік күн ішінде осы Қағиданың 13-тармағында көрсетілген санаттарға жататын азаматтардың тістерін протездеуге тіркеу жүргізетін орындар мен мерзімдері туралы жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халықты хабардар етеді.

15. Тіс протездеуге Әлеуметтік көмек көрсету үшін осы Қағиданың 13-тармағында көрсетілген азаматтар санатына жататындығын растайтын куәлігі мен жеке куәлігінің түпнұсқалары негіздеме болып табылады.

16. Жеткізушілер ай сайын келесі айдың 10-на дейін көрсетілген қызметтер тізілімдері мен атқарылған жұмыс актілерін Әкімшіге ұсынады.

3-тарау. Шипажайлық-курорттық емделуге Әлеуметтік көмек

17. Шипажайлық-курорттық емделуге Әлеуметтік көмек келесі азаматтардың санаттарына:

1) соғыс ардагерлеріне;

2) "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6, 8-баптарымен мәртебесі анықталған соғыс ардагерлеріне, соларға теңестірілген тұлғаларға беріледі.

18. Осы Қағиданың 17-тармағында көрсетілген азаматтардың шипажайлық-курорттық емделуі Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мамандандырылған мекемелерде жүзеге асырылады.

19. Шипажайлық-курорттық емделуден өту мерзімін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің аумақтық құрылымы жанындағы медициналық-әлеуметтік сараптама белгілейді және шипажайлық-курорттық картада көрсетіледі.

Шипажайлық-курорттық емделу құқығы жылына бір рет беріледі.

20. Шипажайлық-курорттық емделу орнына дейінгі және кері қайту жолақысының құнын шипажайлық-курорттық емделу алушының жеке қаражаты есебінен жүргізледі.

21. Осы Қағиданың 17-тармағында көрсетілген азаматтар шипажайлық-курорттық емделуге Жолдамаларды алуға Әкімшіге өтінішпен (бұдан әрі – Жолдамалар) хабарласады және төмендегі құжаттардың көшірмелерін (салыстыру үшін түпнұсқаларымен) ұсынады:

1) өтініш берушінің жеке басы куәлігі;

2) осы Қағиданың 17-тармағында көрсетілген азаматтардың санаттарына жататындығын растайтын құжаттар.

Қажетті құжаттармен өтінішті қабылдағаннан кейін өтініш берушіге өтініш берушінің тіркелу нөмірі мен мерзімі көрсетілген жыртылмалы талон беріледі.

Осы Қағиданың 26-тармағында көрсетілген мерзімде аталған құжаттардан басқа алушы шипажайлық-курорттық картасын ұсынады.

22. Әкімші келіп түскен өтініштерге сәйкес Жеткізуші ұсынған келу кестесіне сәйкес кезек тәртібімен (өтініштерді тіркеу) жолдамаларды ұсынуға азаматтардың тізімін жасайды.

23. Шипажайлық-курорттық емделуден өтініш беруші өз талабы бойынша бас тартқан жағдайда, Жолдама Әкімшіге қайтарылуы және тізімге сәйкес басқа өтініш берушіге берілуі тиіс.

24. Жолдама дәлелді себептер бойынша пайдаланылмаған жағдайда, берілген жолдама мүмкіндігінше келу кестесіне сәйкес басқа кезеңнің жолдамасына, бірақ ауыстырылуға тиіс жолдамада көрсетілген келу уақытына дейін үш күннен кешіктірілмей ауыстырылуға жатады.

25. Жолдаманы алуға келу қажеттілігі жөнінде өтініш берушіге Әкімшінің екі рет почтамен жолданған жазбаша хабарламалары бойынша хабарласпаған

жағдайда, берілген өтініш бойынша шипажайлық-курорттық емделу ұсынылды.

26. Өтініш беруші шипажайлық-курорттық емделудің басталуынан бес күнтізбелік күннен кешікпей шипажайлық-курорттық емделу картасын ұсынған жағдайда Әкімшіден жолдаманы алу қажет.

Ескерту. 26-тармаққа өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2011.03.11 N 439/59-IV (алғашқы рет ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

27. Әкімшінің бірінші басшысымен (немесе оның орынбасарымен) қол қойылған және мөрмен бекітіліп берілген Жолдамада шипажайлық-курорттық емделуге құқылы тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты көрсетіледі.

28. Жеткізушілер ай сайын шипажайлық-курорттық емделу аяқталғаннан кейін Әкімшіге шипажайлық-курорттық емделуден өткен азаматтардың тізімін ұсынады.

4-тарау. Астана қаласының жүріп-тұруы қиын мүгедектерін тасымалдау

29. Астана қаласының жүріп-тұруы қиын мүгедектерін, яғни "арбамен жүретін" мүгедектерді тасымалдау қызметтері қызмет Жеткізушінің мамандандырылған көлігімен қала шегінде жүзеге асырылады.

30. Жеткізуші мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартқа сәйкес диспетчерлік қызметтің үздіксіз жұмыс істеуін, мамандандырылған көліктің техникалық жарамдылығын, автомобильдің "Инватакси" деген жазуымен және диспетчерлік қызметтің телефондарымен, мүгедектер үшін жол жүрудің қауіпсіз әрі ыңғайлы жағдайын және басқа да жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді.

31. Тасымалдау Жеткізушінің диспетчерлік қызметінің телефонына келіп түскен мүгедектердің өтініштеріне сәйкес жүзеге асырылады. Өтініште төмендегідей мәліметтер көрсетіледі:

- 1) мүгедектің аты - жөні;
- 2) мүгедектік тобы;
- 3) зейнеткерлік куәлігінің нөмірі;
- 4) тұратын мекен-жайы (шақыру кезінде тұрған мекенжайы);
- 5) баратын жерінің мекен-жайы;
- 6) жеткізілетін уақыты;
- 7) ілестіріп жүретін тұлғаның қажеттілігі (қажет еместігі);
- 8) байланыс телефоны.

32. Тасымалдау қызметі бір мүгедекке жалпы ұзақтығы күніне төрт сағаттан және бір уақытта екі сағаттан аспайтын уақытқа ұсынылады.

33. Егер мүгедекте ілестіріп жүретін тұлға болмаса, ол қызметті Жеткізуші қамтамасыз етеді.

34. Жол жүру аяқталғаннан кейін мүгедек жолаушы Жеткізуші ұсынған көрсетілген қызметтер тізілімдемесіне тапсырыстың орындалуы туралы қолын қояды.

35. Жеткізуші ай сайын келесі айдың 5-не дейін Әкімшіге осы Қағиданың 31-тармағында көрсетілген мәліметтерді, қызмет көрсетудің ұзақтығы туралы мәліметтерді, актілер мен көрсетілген қызметтер тізілімін ұсынады.

5-тарау. Ресми мерзімді баспасөз басылымдарына жазылуға әлеуметтік көмек

36. Әлеуметтік көмек мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі (жазылушының таңдауы бойынша) ресми мерзімді баспасөз басылымдарына жазылуға (бұдан әрі – Жазылу) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне беріледі.

37. Жазылу жарты жыл бойынша және отбасына мерзімді басылымының тек бір атауына жүргізіледі.

38. Әкімші мерзімді басылымдарға жазылу қызметтері Жеткізушілерімен жазылушылардың мерзімді басылымдарын атаулы мекен-жайына дейін жеткізу талабы көзделген шарт жасасады.

6-тарау. Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету.

Ескерту. 6-тараумен толықтырылды - Астана қаласы мәслихатының 2011.03.11 N 439/59-IV (алғашқы рет ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

38-1. Амбулаторлық емделуде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге Әлеуметтік көмек азаматтардың мына санаттарына:

1) "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-8 баптарымен мәртебесі белгіленген соғыс ардагерлеріне және оларға теңестірілген тұлғаларға";

2) Қазақстан Республикасы алдында ерекше еңбектері үшін зейнетақы алушыларға ұсынылады.

38 - 2 . Алынып тасталды .

Ескерту. 38-2-тармаққа өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2012.06.26 № 48/5-V (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

38-3. Әкімші Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне арналған Орталық клиникалық госпиталіне (бұдан әрі – Клиникалық госпиталь) осы Қағиданың 38-1 тармағында көрсетілген санаттарға жататын азаматтардың тізімдерін, сондай-ақ жаңадан тағайындалған және келген азаматтар туралы мәліметтерді жыл сайын 3 қаңтарға дейін ұсынады.

38-4. Осы Қағиданың 38-1 тармағында көрсетілген санаттарға жататын дәрі-дәрмек құралдарына мұқтаж азаматтар Клиникалық госпитальге белгіленген үлгідегі жеңілдікті рецептті алуға хабарласады.

38-5. Әлеуметтік көмек шеңберінде осы Қағидаға қосымшаға сәйкес амбулаторлық емделуде Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың санаттарын тегін қамтамасыз ету үшін дәрі-дәрмек құралдарының тізбе (бұдан әрі – дәрі-дәрмек құралдарының тізбесі) бойынша дәрі-дәрмек құралдары ұсынылады.

Клиникалық госпиталь Әкімші ұсынған дәрі-дәрмек құралдарының тізбесі бекітілген мен азаматтардың тізімдеріне сәйкес, хабарласуына қарай белгіленген үлгідегі жеңілдікті рецепттерді беруді жүзеге асырады.

Ескерту. 38-5-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 2012.08.31 № 64/8-V (осы шешім алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

38-6. Клиникалық госпиталь берген белгіленген үлгідегі ұсынылған жеңілдікті рецепттерге сәйкес дәрі-дәрмек құралдары Жеткізушілердің дәріханалық мекемелерінде жіберіледі.

38-7. Жеткізушілер ай сайын келесі айдың 5-не дейін жіберілген дәрі-дәрмек құралдарының тізілімдемелері мен берілген жеңілдікті рецепттердің түпнұсқаларын Әкімшіге ұсынады.

3-бөлім. Ақшалай төлемдер түріндегі әлеуметтік көмек 1-тарау. Жалпы қағидалар

39. Осы бөлім Әлеуметтік көмектің мына:

- 1) соғыс ардагерлері мен соларға теңестірілген тұлғаларға ақшалай төлемдер;
- 2) көмірді сатып алуға өтемақылар;
- 3) мерекелік және айтулы күндерге біржолғы ақшалай төлемдер;
- 4) Астана қаласының жоғары оқу орындарында оқу ақысын төлеу үшін жалпы білім беретін мектептер түлектеріне ақшалай төлемдер;
- 5) "Астана қаласының Құрметті азаматы" атағы берілген азаматтарға ақшалай төлемдер;
- 6) өмірдің қиын жағдайына тап болған адамдарға ақшалай төлемдер.

Ескерту. 39-тармаққа өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының

2011.03.11 N 439/59-IV (алғашқы рет ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

40. Ақшалай төлемдер түріндегі Әлеуметтік көмекті жүзеге асыру ақшалай қаражатты Астана қаласының екінші деңгейдегі банктер бөлімшелері арқылы алушылардың дербес шоттары мен карталық шоттарына аудару арқылы жүргізіледі.

41. Астана қаласының екінші деңгейдегі банк бөлімшелері ақшалай төлемдер түріндегі Әлеуметтік көмектің төленген сомалары бойынша салыстыру актісін құрайды және оларды тоқсан сайын Әкімшіге ұсынады.

2-тарау. Соғыс ардагерлері мен соларға теңестірілген тұлғаларға ақшалай төлемдер

42. Ақшалай төлемдер соғыс ардагерлері мен соларға теңестірілген тұлғаларға коммуналдық қызметтерді, тұрғын үйді ұстауға, телефонға абоненттік төлемдерді төлеуге төлемдерді жүзеге асырады.

Ескерту. 42-тармаққа өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2011.03.11 N 439/59-IV (алғашқы рет ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

43. Соғыс ардагерлері мен соларға теңестірілген тұлғаларға ақшалай төлемдер ай сайын мына мөлшерде пайдалы алаңына байланысты:

1) тұрмысқа жайлы пәтерлерде тіркелген және тұратын соғыс ардагерлеріне:

1) 35 шаршы метрге дейін – 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;
35 шаршы метрден 50 шаршы метрге дейін – 6 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

50 шаршы метрден 80 шаршы метрге дейін – 7 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

80 шаршы метрден және одан жоғары – 8 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2) жеке тұрғын үйлерде тұратын және тіркелген соғыс ардагерлеріне – 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

3) "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6, 8-баптарында мәртебесі берілген Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдер бойынша теңестірілген адамдарға ай сайын – 2,4 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

4) Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмаған жесірлеріне ай сайын – 4,4 айлық

есептік көрсеткіш мөлшерінде жүргізіледі.

Ақшалай төлемдер 2011 жылдың 1 шілдесінен бастап осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген адамдарға, сондай-ақ 0,3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде Астана қаласының ресми мерзімді баспасөз басылымдарын сатып алу жүзеге асырылады.

Ескерту. 43-тармаққа өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2011.03.11 N 439/59-IV (алғашқы рет ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

44. Әкімші ЗТМО деректер қорының негізінде осы Қағиданың 43-тармағында көрсетілген санаттарға жататын азаматтардың тізімін қалыптастырады.

45. Соғыс ардагерлеріне, соларға теңестірілген тұлғаларға ақшалай төлемге құқығы бар бірнеше адам бір тұрғылықты мекенжай бойынша тіркелген жағдайда, төлем осы Қағиданың 43-тармағы 3) тармақшасында көрсетілген тұлғалардан басқа тек қана біреуіне жүргізіледі.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 2011.03.11 N 439/59-IV (алғашқы рет ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

3-тарау. Көмірді сатып алуға өтемақы

46. Жергілікті жылытатын жекеменшік құрылыстарында тұратын қаланың зейнеткерлері мен мүгедектеріне өтемақы көмірді сатып алуға жүргізіледі.

47. Өтемақы жылыту маусымына 8 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жүргізіледі.

48. Көмірді сатып алуға өтемақы алуға құқығы бар бір жекеменшік тұрғын үйде бірнеше адам тұрған жағдайда, өтемақы тек қана біреуіне беріледі.

49. Көмірді сатып алуға өтемақыны ресімдеу үшін азамат Әкімшіге өтініш пен мына құжаттардың көшірмелерін (салыстыру үшін түпнұсқалармен):

- 1) жеке куәлігі;
- 2) зейнеткерлік куәлігі немесе мүгедектігі жөніндегі анықтама;
- 3) азаматтарды тіркеу кітабы немесе мекенжай анықтамасы;
- 4) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аумақтық органымен берілген жылжымайтын мүлікке тіркелген құқығының болмауы (болуы) жөніндегі анықтаманы ұсынады.

Ескерту. 49-тармаққа өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 28.03.2013 № 118/14-V шешімімен (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

50. Көмір сатып алуға өтемақы азаматтың жеке шотына өтініш берген кезден бастап он күн ішінде аударылады.

4-тарау. Мерекелік және айтулы күндерге әлеуметтік көмек

51. Мерекелік және айтулы күндерге 3000 (үш мың) теңге мөлшерінде біржолғы Ақшалай төлем азаматтардың мына санаттарына беріледі:

15 ақпанда (Ауғанстаннан кеңестің шектеулі әскери контингентін әкету күні)

– Ауғанстан соғысына қатысушылары мен мүгедектеріне;

8 наурызда (Халықаралық әйелдер күні) – көп балалы отбасыларға, көп балалы аналарға, Ардагерлер кеңесінің тұрақты жұмыс істейтін комиссияларының мүшелеріне;

22 наурызда (Наурыз мейрамы) – аз қамтылған отбасыларға, Ардагерлер кеңесінің тұрақты жұмыс істейтін комиссияларының мүшелеріне;

26 сәуірде (Чернобыль атом электрстанциясы апатының құрбандарын еске алу күні) – Чернобыль атом электрстанциясы апатының зардаптарын жоюға қатысушы тұлғаларға;

1 мамырда (Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесі) – мұқтаж зейнеткерлерге (жалғызбасты тұратындар санынан), Ардагерлер кеңесінің тұрақты жұмыс істейтін комиссияларының мүшелеріне;

31 мамырда (Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні) – саяси қуғын-сүргін құрбандарына;

1 маусымда (Балаларды қорғау күні) – тұлдыр жетімдерге;

6 шілде (Елорда күні) – табысы аз отбасыларға (ай сайын он сегіз жасқа дейінгі балаларға тағайындалатын және төленетін мемлекеттік жәрдемақы алушылар санынан), Ардагерлер кеңесінің тұрақты жұмыс істейтін комиссия мүшелеріне, еңбегі сіңген соғыс және еңбек ардагерлеріне, еңбек ардагерлеріне;

30 тамыз (Қазақстан Республикасының Конституциясы күні) – мұқтаж зейнеткерлерге (ең төмен мөлшердегі зейнетақы алушылар санынан), Ардагерлер кеңесінің тұрақты жұмыс істейтін комиссияларының мүшелеріне;

1 қазанда (Қарттар күні) – жетпіске келген одан асқан мұқтаж зейнеткерлерге;

10 қазанда (Мүгедектер күні) – мүгедектерге және он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балаларға;

16 желтоқсанда (Тәуелсіздік күні) – мұқтаж зейнеткерлерге (жасы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар санынан) беріледі, Ардагерлер кеңесінің тұрақты жұмыс істейтін комиссияларының мүшелеріне.

Ескерту. 51-тармаққа өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2011.03.11 N 439/59-IV (алғашқы рет ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

52. 9 мамырда (Жеңіс күні) біржолғы ақшалай төлемдер Ардагерлер кеңесінің тұрақты жұмыс істейтін комиссия мүшелеріне арнайы мемлекеттік жәрдемақы алушыларға мына санаттарға:

Ұлы Отан соғысы қатысушылары мен мүгедектері, неміс тұтқындары, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмаған жесірлері – 10000 (он мың) теңгеден;

мәртебесі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6, 8-баптарында белгіленген жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша қатысушылар мен мүгедектеріне теңестірілген адамдар, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдар, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдар – 4000 (төрт мың) теңгеден беріледі.

Ескерту. 52-тармаққа өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2011.03.11 N 439/59-IV (алғашқы рет ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

53. Әкімші ЗТМО деректер базасының, Ардагерлер кеңесінің және қала аудандары әкімдерінің аппараттары жанындағы жалғыз басты қарттар мен мүгедектерге үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелері мәліметтерінің негізінде осы Қағиданың 51, 52-тармақтарында көрсетілген санаттарға жататын азаматтардың тізімдерін қалыптастырады.

5-тарау. Астана қаласының жоғары оқу орындарында оқу ақысын төлеу үшін жалпы білім беретін мектептер түлектеріне ақшалай төлемдер § 1. Жалпы қағидалар

54. Астана қаласының жоғары оқу орындарында оқу ақысын төлеу үшін жалпы білім беретін мектептер түлектеріне ақшалай төлемдер (бұдан әрі – оқуға Ақшалай төлем) қаланың жалпы білім беретін мектептер түлектері санынан:

т ұ л д ы р ж е т і м д е р ;
балалар үйлерінің түлектері;
бала жасынан мүгедектер;
ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
көпбалалы отбасы балаларға беріледі.

55. Ақшалай төлемдер қаланың тиісті жоғары оқу орнында оқудың нақты құны мөлшерінде және тиісті қаржы жылына қала бюджетінде осы мақсаттарға қарастырылған қаражат шегінде жүргізіледі.

56. Оқуға Ақшалай төлемдер есебінен оқытылатын мамандықтар тізбесі

қаланың еңбек нарығындағы сұраныс құрылымына қарай жыл сайын грант беру бойынша комиссиямен анықталады.

§ 2. Оқуға Ақшалай төлемдер алу үшін қажетті құжаттардың тізбесі

57. Оқуға Ақшалай төлем алуға үміткерлер Әкімшіге өтініш пен мына құжаттардың көшірмелерін (түпнұсқада және көшірмеде) ұсынады:

- 1) жеке куәлігі;
- 2) азаматтарды тіркеу кітабы немесе мекенжай анықтамасы;
- 3) ата-анасының қайтыс болуы туралы куәлігі (тұлдыр жетімдерге);
- 4) мүгедектігі жөнінде анықтама (бала жасынан мүгедектерге);
- 5) көп балалы отбасы мәртебесін растайтын құжат (көп балалы отбасының балалары үшін);
- 6) туу туралы куәлік (тұлдыр жетімдерге);
- 7) ұлттық бірыңғай тестілеудің немесе Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім беру мен тестілеудің мемлекеттік стандарттарының ұлттық орталығы әзірлеген технология бойынша өткізілетін кешенді тестілеудің (бұдан әрі – тестілеу) нәтижесі бойынша берілген мемлекеттік сертификаты.

Ескерту. 57-тармаққа өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 28.03.2013 № 118/14-V шешімімен (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

58. Әкімші оқуға Ақшалай төлемдер алуға үміткерлерден құжаттар қабылдауды грант беру бойынша Комиссия отырысына дейін 2 күн бұрын аяқтайды.

§ 3. Оқуға Ақшалай төлемдерді тағайындау тәртібі

59. "Астана қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі жыл сайын бірінші мамырға осы Қағиданың 54-тармағында көрсетілген тұлғалар санынан ағымдағы жылдың жалпы білім беретін мектептер түлектерінің тізімдерін Әкімшіге ұсынады.

60. Әкімші жалпы білім беретін мектептер түлектерінің ұсынылған тізімдеріне сәйкес үміткерлерден оқуға Ақшалай төлемдер алуға құжаттар қабылдауды жүргізеді, қойылатын талаптарға сәйкестігін қарастырып, одан әрі грант беру бойынша комиссияға ұсыну үшін істер макетін қалыптастырады.

61. Оқуға Ақшалай төлемдер алуға үміткерлерді іріктеу тестілеу кезінде ең жоғары алған ұпай саны бойынша осы Қағиданың 54-тармағында көрсетілген санаттар ішінен жүргізіледі.

62. Іріктеу осы Қағиданың 54-тармағында біртіндеп келтірілген көрсетілген

санаттардан әрқайсысына көрсетілген шегінде біртіндеп келтірілген жағдайда жүргізіледі, әрі ағымдағы жылы осы мақсаттарға бөлінген бюджеттік қаражат шегінде оқуға ақшалай төлемдер санатының біреуін толық қамтамасыз ету келесінің іріктеуін алып тастайды.

63. Іріктеу жүргізілген кезде әр санаттар шегінде гранттар беру бойынша Комиссия бірінші кезекті тәртіпте тестілеу кезінде қажетті ең төменгі ұпайдан кем алған толық емес отбасы мүшелерін оқуға Ақшалай төлемдермен қамтамасыз етуге құқығы бар.

64. Тестілеу кезінде қажетті ең төменгі баллдан кем алған жалпы білім беретін мектептер мүшелеріне оқуға Ақшалай төлем тағайындалмайды.

65. Гранттар беру бойынша комиссия жыл сайын 25 тамызға дейінгі мерзімде оқуға Ақшалай төлемдер алуға үміткерлердің құжаттарын қарастырады және шешім шығарады.

66. Әкімші Гранттар беру бойынша комиссия шешімінің негізінде қаланың жоғарғы оқу орындарымен және оқуға Ақшалай төлемдер алушыларымен білім беру қызметтерін көрсетуге шарттар (бұдан әрі – Шарт) жасасады.

67. Әкімші он банктік күн ішінде Шартқа қол қойғаннан кейін оқуға Ақшалай төлем алушының дербес есеп шотына ақшалай қаражатты аудару жолымен алғашқы оқу жылына төлемақы жүргізеді.

68. Оқуға Ақшалай төлем алушы ақшалай қаражат түскеннен кейін 3 банктік күн ішінде оқу ақысын төлейді және Әкімшіге төлем туралы түбіртеккі ұсынады.

Әкімшінің келісімімен оқуға Ақшалай төлем алушының есеп шотынан ақша алынады.

69. Келесі оқу жылдарға оқуға Ақшалай төлем жыл сайын оқу жылының басында жүргізіледі.

§ 4. Оқу ету тәртібі

70. Әкімші жоғарғы оқу орнымен бірігіп, оқуға Ақшалай төлем алушының оқуға кірген кезінен бастап оның оқуын бақылауды жүзеге асырады.

71. Жоғарғы оқу орнының әкімшілігі үлгерімі төмен болғаны, себепсіз үнемі оқуға қатыспағаны немесе оқуға Ақшалай төлем есептеу және/немесе тоқтату үшін негіз болып табылатын оқу орнының Жарғысына сәйкес басқа да оқу тәртібін бұзғаны жөнінде Әкімшіні уақытылы хабардар етуге міндетті.

72. Егер оқуға Ақшалай төлем алушы оқудан шығарылса жоғарғы оқу орны бес күн ішінде оқудан шығарылғандығы туралы бұйрықтың көшірмесін ұсынып Әкімшіні хабардар етеді.

73. Гранттарды беру бойынша комиссия жоғарғы оқу орны әкімшілігінің ұсынысы бойынша оқудан шығарылған оқуға Ақшалай төлем алушының орнына

осы Қағиданың 54-тармағында көрсетілген тұлғалар ішінен бейінді мамандық бойынша осындай жоғарғы оқу орнының басқа студентімен ауыстыруына б о л а д ы .

Бейінді мамандық шегінде ауыстыру үшін үміткер болмаған жағдайда, жоғарғы оқу орнының әкімшілігі басқа мамандық бойынша студентті ұсынуына б о л а д ы .

Әкімші қаланың басқа жоғары оқу орындарынан ауыстыру үшін үміткерді с ұ р а с т ы р у ғ а қ ұ қ ы л ы .

74. Оқудан шығарылған студенттің орнын ауыстыру туралы ұсыныс болмаған жағдайда, жоғарғы оқу орны оқу шығындарын шегеру есебімен Астана қаласы бюджетінің кірісіне төленген қаражатты қайтаруды жүргізеді.

75. Оқуға Ақшалай төлем алушы жоғарғы оқу орнынан шығарылған жағдайда оқуға төленген сомалары өндірілмейді.

76. Денсаулығына байланысты академиялық демалысқа шыққан Ақшалай төлем алушы оқуға қайтадан оралғаннан кейін одан әрі оқуға Ақшалай төлем а л у ы н а б о л а д ы .

77. Жоғарғы оқу орнын бітірген соң және тиісті үлгідегі дипломды алғаннан кейін ол туралы оқуға Ақшалай төлем алушы он күн мерзім ішінде Әкімшіні хабардар етеді.

6-тарау. "Астана қаласының Құрметті азаматы" атағы берілген азаматтарға ақшалай төлемдер

Ескерту. 6-тараудың атауы жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 2011.03.11 N 439/59-IV (алғашқы рет ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

78. "Астана қаласының Құрметті азаматы" атағы берілген азаматтарға ақшалай төлемдер Астана қаласы мәслихатымен Әкімшіге ұсынылған тізімдердің негізінде ай сайын төрт айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Ескерту. 78-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 2011.03.11 N 439/59-IV (алғашқы рет ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

79. Алынып тасталды - Астана қаласы мәслихатының 2011.03.11 N 439/59-IV (алғашқы рет ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

7-тарау. Өмірдің қиын жағдайына тап болған адамдарға ақшалай төлемдер

80. Ақшалай төлемдер олардың еркіне байланысты емес себептерден дүлей зілзала сияқты (өрт, су тасқыны және т.б) және басқа да табиғи және техногендік сипаттағы төтенше өмірдің қиын жағдайына тап болған адамдарға жүргізіледі.

81. Көрсетілген ақшалай төлемдер мына мөлшерде: мүлікке елеулі зиян келтірілгенде, бүлінсе, жойылса отбасына – 65 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде; отбасы мүшелері қайтыс болғанда – қаза болған адамға 15 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жүзеге асырылады.

82. Өмірдің қиын жағдайына тап болған адам (немесе отбасы өкілі) ақшалай төлем алу үшін Әкімшіге өтініш және мына құжаттардың көшірмелерін (түпнұсқамен салыстыру үшін):

- 1) жеке куәлігі (жеке басын растайтын басқа құжат);
- 2) азаматтарды тіркеу кітабы немесе мекенжай анықтамасы;
- 3) төтенше жағдай фактісін растайтын құжаттар, жойылған, бүлінген мүліктің, ал қаза болған жағдайда отбасы мүшелерінің қайтыс болу фактісін және оларға қатысты туыстығын растайтын құжаттарды ұсынады.

Ескерту. 82-тармаққа өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 28.03.2013 № 118/14-V шешімімен (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

83. Көрсетілген ақшалай төлемдерді алуға келіп түскен өтініштер Әкімшімен үш айдан кешікпей дүлей зілзала немесе төтенше жағдай пайда болған күннен бастап қаралады.

84. Өмірдің қиын жағдайына тап болған адамдарға ақшалай төлемдер екінші деңгейлі банктерде жеке шоттарына өтініш берген кезден бастап он күн ішінде аударылады.

4-бөлім. Қалалық бағыттағы жолаушылар көлігінде жол ақысын төлеуден босату түрінде әлеуметтік көмек

85. Қалалық бағыттағы жолаушылар көлігінде жол ақысын төлеуден босату түрінде Әлеуметтік көмек азаматтардың келесі санаттарына:

- 1) соғыс ардагерлеріне және соларға теңестірілген адамдарға;
- 2) жасы бойынша және еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнеткерлерге, сонымен қатар зейнеткерлік жасқа жеткен жасына байланысты және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға;
- 3) мүгедектер мен он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балаларға;
- 4) көп балалы отбасыларға;
- 5) көп балалы аналарға беріледі.

86. "Астана қаласының Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма):

1) көлік туралы заңнамаларға сәйкес қалалық жолаушылар көлігінде қызмет көрсететін тасымалдаушыларды (бұдан әрі – тасымалдаушы) анықтайды;

2) Астана қаласының аумағында қалалық жолаушылар көлігінің бағыттары бойынша тасымалдауды ұйымдастырады;

3) Әкімшіге одан әрі беру үшін белгіленген үлгідегі жеңілдікті жол жүру билеттерінің бланкісін дайындауды қамтамасыз етеді;

4) қалалық жолаушылар көлігінің бағыттарын қызмет көрсету сапасына бақылауды жүзеге асырады;

5) ай сайын осы Қағиданың 85-тармағында көрсетілген тасымалдаушылармен жүзеге асырылған азаматтарды тасымалдау бойынша атқарылған жұмыстардың актісін дайындау жолымен атқарылған жұмыстарды есепке алуды қамтамасыз етеді және келесі айдың 10-на дейін оларды Әкімшіге ұсынады;

б) осы мақсаттарға бөлінген бюджеттік қаражатты бөлуді тасымалдаушылар арасында қамтамасыз етеді.

87. Әкімші:

1) ЗТМО деректер базасына сәйкес Қағиданың 85-тармағында көрсетілген азаматтарға жеке куәлікті және тегін жол жүру билетін пайдалану құқығы расталған куәлік көрсеткен кезде "Астана қаласының Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) дайындаған белгіленген үлгідегі жеңілдікті жол жүру билеттерін беруді жүргізеді;

2) Басқарма ұсынған атқарылған жұмыстардың актілері негізінде тасымалдаушылар арасында бюджеттік қаражатты бөлуді және көрсетілген азаматтардың санаттарына жол жүруге тасымалдаушылардың шығын өтемақысын қамтамасыз етеді.

88. Қалалық бағыттағы жолаушылар көлігінде жол ақысын төлеуден босату үшін азаматтардың жеңілдікті санаттарына жататынын растайтын және куәлігінің түпнұсқасы мен белгіленген үлгідегі жеңілдікті жол жүру билеттері негіздеме болып табылады.

89. Әкімші азаматтардың өтініштері бойынша (алғашқы алдыңғы алған немесе жеңілдікті жол жүру билеттерін ауыстырған кезден бастап жыл екі ай кезеңі болып есептеледі) жеңілдікті жол жүру билеттерін қайтадан беруді бүлдіргендігі, жоғалғандығы және ұрланғандығы туралы құжатпен расталғанда ("іздеу салу үстелінің" анықтамасы, мерзімдік басылымдағы ұрланған (жоғалған) жеңілдікті жол жүру билетінің жарамсыз деп танылғаны туралы хабарландыру, ұрлау айғағы бойынша ішкі істер органдарына өтінішті растау) жылына бір рет жүргізеді.

Астана қаласындағы мұқтаж
азаматтардың жекелеген санаттарына
элеуметтік көмек көрсету
2010 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 410/54-IV қағидасына
қосымша

Амбулаторлық емделу кезінде Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарын тегін қамтамасыз ету үшін дәрі-дәрмек құралдарының тізбесі

Ескерту. Қағида қосымшамен толықтырылды - Астана қаласы мәслихатының 2012.08.31 № 64/8-V (осы шешім алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен; өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2012.11.21 № 83/10-V (осы шешім оны алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Р/с №	Дәрілік препараттардың атауы (ХПА)	Шығарылу нысаны, мөлшері
1	2	3
1.	Адеметионин	таблеткалар 400 мг
2.	Азапентацен натрий полисульфонаты	флакон-тамызғыдағы ерітінді (көзге тамызаты тамшы)
3.	Азитромицин	капсулалар 500 мг
4.	Белсендендірілген көмір	таблеткалар
5.	Альфа-токоферол ацетаты, фитоменадион холекальциферол, мырыш оксиді, цианокобаламин, аскорбин қышқылы, пантотен қышқылы, ретинол ацетаты, тиамин монокитраты, пиридоксин гидрохлориді, рибофлавин, фолий қышқылы, фосфор, хром хлориді, бетакаротен, биотин, ванадий метаванадаты, темір fumarаты, йод (калий йодиді), калий, калий хлориді, кальций, кремний оксиді, магний оксиді, марганец сульфаты, мыс оксиді, натрий молибдаты, натрий селенаты, никель сульфаты, никотинамид, қалайы	таблеткалар
6.	Алюминий гидроксидінің гелі, магний гидроксиді	ішке қабылдауға арналған суспензия 170 мл
7.	Амбазон	соруға арналған таблеткалар
8.	Амброксол	таблеткалар 30 мг
9.	Аминофиллин	таблеткалар 0,15 г
10.	Амоксициллин, калий клавуланаты/клавулон қышқылы	таблеткалар 625 мг
11.	Аскорбин қышқылы	көпіршіген таблеткалар 1000 мг
12.	Аторвастатин	таблеткалар 10 мг, 20 мг

13.	Ацетазоламид	таблеткалар 250 мг
14.	Ацетиламинонитропропоксибензен	драже 25 мг
15.	Ацетилсалицил қышқылы, магний гидроксиді	таблеткалар 75 мг/15,2
16.	Ацетилцистеин	көпіршіген таблеткалар, пакеттердегі ұнтақ 60 мг
17.	Беклометазон	флакондағы интраназалдық қолдануға арналған дозаланған спрей 50 мкг/ мөлшер 200 мөлшер
18.	Бензобарбитал	таблеткалар 100 мг
19.	Бетагистин гидрохлориді	таблеткалар 8 мг, 16 мг, 24 мг
20.	Бетаксол	флаконда тамшы 0,5 % 5 мл
21.	Бетаметазон, гентамицин	сыртқа қолдануға арналған жақпамайы 0,1 %
22.	Бетаметазон дипропионаты, гентамицин сульфаты, клотримазол	құтыдағы жақпамайы 15 г
23.	Марлелі стерильді бинт	7 м*14 см
24.	Бисакодил	таблеткалар 5 мг
25.	Тірі бифидобактериялар	пакеттердегі лиофизденген ұнтақ
26.	Гауһар көгі	флакондағы спирт ерітіндісі
27.	Бринзоламид	флакондағы ерітінді (көзге тамызатын тамшы 1 % 5 мл
28.	Буфексамак, висмут субгаллат, лидокаин гидрохлориді	құтыдағы жақпамай, суппозитории 25 г
29.	Шүйгіншөп түбірі, этил спирті	флакондағы сұйықтық 30 мл
30.	Валидол, глюкоза	таблеткалар 0,06 г
31.	Винкамин	баяу босатылатын капсулалар 30 мг
32.	Винпоцетин	таблеткалар 5 мг, 10 мг
33.	Гвайфенезин, дәрілік өсімдіктер экстракттары	флакондағы ішке қабылданатын ерітінді 100 м
34.	Натрий гепарині, декспантенол, диметилсульфоксид	сыртқа қолдануға арналған жақпамай 20,0
35.	Гидрокортизон	құтыдағы жақпамай 0,5 % 3 г
36.	Гимекромон	таблеткалар 200 мг
37.	Глауцин, эфедрин	флакондағы шырын 125 г
38.	Глицин	сублингвальді таблеткалар 0,1 г
39.	Қою қоспа экстракты: алтыншыбық шөбі, дала қырықбуынының шөбі, құс андызы шөбі, бидайық тамырсабағы, пияз қауызы, қайың жапырақтары, пожитник тұқымы, ақжелкен түбірі, сүйентамыр түбірі, апельсин майы, шалфей майы, бұрыш жалбызының майы, қарағай майы	құтылардағы ішке қолдануға арналған паста 100 г
40.	Қайың қарамайы, ксерофом	құтыдағы линимент 40,0
41.	Дексаметазон	флакон-тамызғыдағы ерітінді (көзге тамызатын тамшы) 0,1 % 8 мл
42.	Дексаметазон, неомицин, полимиксин	құтыдағы офтальмологиялық жақпайы 3,5 г
43.	Дексаметазон, неомицин, полимиксин	флакондағы офтальмологиялық суспензия 5 м
44.	Дексаметазон, тобрамицин	құтыдағы көз жақпамайы 0,3 % 3,5 г

45.	Дексаметазон, тобрамицин	флакондағы офтальмологиялық суспензия 5 м
46.	Декстран, гидроксипропилметилцеллюлоза	инстилляция жасауға арналған флакон-тамызғыдағы ерітінді (көзге тамызаты тамшы)
47.	Бұзау қанынан алынған депротеинизирленген гемодервит	таблеткалар
48.	Бұзау қанынан алынған депротеинизирленген гемодервит	кұтыдағы жақпамай 5 %
49.	Натрий диклофенакы	таблеткалар/капсулалар 50 мг, 100 мг
50.	Натрий диклофенакы	кұтыдағы гель 50 г
51.	Натрий диклофенакы	75 мг/3 мл немесе 2 мл ерітінді
52.	Диметинден малеаты, фениэфрин	назальды тамшы, спрей
53.	Диосмин	таблеткалар 600 мг
54.	Дипиридамол	таблеткалар 25 мг
55.	Доксазозин	таблеткалар 4 мг
56.	Домперидон	соруға арналған таблеткалар 10 мг
57.	Дротаверин	таблеткалар 40 мг
58.	Темір полиизомальтозаты	флакондағы шырын 50 мг/5 мл 100 мл
59.	Темір сульфаты, аскорбин қышқылы	таблеткалар
60.	Толғақшөп қарапайым шөбі, Дәрілік сүйментамырдың түбірі, розмарин жапырактары	ішке қабылдауға арналған ерітінді, таблеткалар/драже
61.	Зопиклон	таблеткалар 7,5 мг
62.	Ибупрофен	кұтыдағы сыртқа қолдануға арналған крем таблеткалар 200 мг
63.	Индометацин	кұтыдағы сыртқа қолдануға арналған жақпамай 10 % 40 г
64.	Инозин	таблеткалар 200 мг
65.	Интерферон	ампуладағы лиофилизат 1000 МЕ
66.	Йод	флакондағы спирттік ерітінді 5 %
67.	Йод, калий йодиді, глицерин, су	флакондағы ерітінді 25 мл
68.	Калия және магний аспарагинаты	таблеткалар
69.	Кальций карбонаты, холекальциферол	лимон дәмді шайнауға арналған таблеткалар
70.	Каптоприл	таблеткалар 25 мг
71.	Каптоприл, гидрохлортиазид	таблеткалар
72.	Карбамазепин	таблеткалар 400 мг
73.	Карбоцистеин	капсулалар 375 мг
74.	Карведилол	таблеткалар 6,25 мг, 12,5 мг
75.	Аденозин, D1-карнитин гидрохлориді (соның ішінде, карнитин негізі), бауыр антиоксикалық фракциясы (соның ішінде, цианкобаламин), карнитин оротаты (соның ішінде, орото қышқылы және карнитин), пиридоксин гидрохлориді, цианкобаламин	капсулалар
76.	Кетоканозол	крем 2 % 15 г

77.	Кетопрофен	капсулалар 50 мг, крем 5 % 30 г
78.	Кларитромицин	таблеткалар 500 мг
79.	Ксероформ, итжидектің қою экстрактісі, мырыш сульфаты, глицерин	ректальді суппозиториялар
80.	Ксилометазолин	мұрынға арналған флакондағы тамшы 0,1 % 1 мл
81.	Лактулоза	ішке қабылдауға арналған сироп 120 г
82.	Левомецитин, метилурацил	жақпамай 40,0
83.	Левофлоксацин	флакон-тамызғыдағы ерітінді (көзге тамызаты тамшы) 5 мг/мл 5 мл
84.	Лейкопластырь	катушкада 2 см*500 см
85.	Лидокаин	инъекцияға арналған ерітінді 2 % 2,0
86.	Бактерий лизаттары: Streptococcus pneumoniae type I,II,III,V, VII, VIII, XII, Haemophilus influenzae type B, Klebsiella pneumoniae, Staphylococcus aureus, Acinetobacter calcoaceticus baumannii variety, Moraxella catarrhalis, Neisseria subflava flava variety, Neisseria subflava perflava variety, Streptococcus pyogenes group A, Streptococcus dysgalactiae group C, Enterococcus faecium, Enterococcus faecalis, Streptococcus group G	назальді спрей 20 мл
87.	Лоперамид	лингвальді таблеткалар 2 мг
88.	Лоратадин	таблеткалар 10 мг
89.	Лорноксикам	флакондағы күретамырға және бұлшық еткі салуға арналған лиофилизат 8 мг, блистердегі қабықпен жабылған таблеткалар 4 мг
90.	Магний гидроксиді, алюминий гидроксиді	пакеттегі суспензия 15 мл, шайнауға арналған таблеткалар
91.	Магний лактат дигидраты, пиридоксин гидрохлориді	таблеткалар
92.	Метилурацил	жақпамай 10 % 15 г
93.	Метронидазол, хлоргексидин глюконаты	20 г құтыдағы стоматологиялық гель
94.	Миконазол	құтыдағы крем 2 % 20 г, құтыдағы оральдегі гель 2 % 20 г
95.	Мометазон	сыртқа қолдануға арналған крем 0,1 % 15,0
96.	Натрий цитраты, калий хлориді, глюкоза ангидридi	пакеттердегі ұнтақ
97.	Нафазолин	назальді тамшы 0,1 % 10,0
98.	Никотин қышқылы	инъекцияға арналған ерітінді 1 % 1 мг
99.	Нимесулид	таблеткалар 100 мг, ұнтақ 2 г
100.	Нитроглицерин	таблеткалар 0,0005 г
101.	Нитроксилин	таблеткалар 0,05 г

102.	Нонивамид, никобоксил	құтыдағы сыртқа қолдануға арналған жақпам: 20,0
103.	Норфлоксацин	таблеткалар 400 мг, көзге және құлаққа арналған тамшы
104.	Шырғанақ майының концентраты	флакондағы май
105.	Оксазепам	таблеткалар 10 мг
106.	Оксалин қышқылы	құтыдағы назальді жақпамай 0,25 % 10 г
107.	Оксибутинин	таблеткалар 5 мг
108.	Оксиметазолин	назальды спрей 0,05 % 10 мл
119.	Омепразол	капсулалар 20 мг
110.	Осельтамивир	капсулалар 75 мг
111.	Офлоксацин	таблеткалар 200 мг
112.	Панкреатин	капсулалар 150 мг, 300 мг, таблеткалар 20 мг
113.	Пантопразол	таблеткалар 40 мг
114.	Марал мүйізі	флакондағы тундырма
115.	Парацетамол	таблеткалар 500 мг
116.	Парацетамол, аскорбин қышқылы, хлорфенамин малеаты	таблеткалар
117.	Пентоксифиллин	таблеткалар 100 мг
118.	Пефлоксацин	таблеткалар 400 мг
129.	Пипемид қышқылы	капсулалар 200 мг
120.	Пирацетам	таблеткалар 200 мг, 400 мг, 800 мг
121.	Пирацетам, циннаризин	капсулалар
122.	Пиридоксин гидрохлориді	инъекцияға арналған ерітінді 5 % 1,0
123.	Пиритинол	таблеткалар 100 мг
124.	Порш Лебенина	капсулалар
125.	Рабепразол	таблеткалар 20 мг
126.	Ранитидин	таблеткалар 0,15 г
127.	Силимарин	драже 35 мг
128.	Симвастатин	таблеткалар 20 мг, 40 мг
129.	Симетикон	капсулалар 40 мг
130.	Смектит	пакеттердегі ұнтақ 3 г
131.	Спирамицин	таблеткалар 3 млн ЕД
132.	Спинонолактон	таблеткалар 25 мг
133.	Еритін стрептоцид, норсульфазол натрийі, тимол, эвкалипт майы, бұрыш жалбыз майы	жергілікті қолдануға арналған аэрозоль 50 мг
134.	Escherichia coli, Streptococcus faecalis, Lactobacillus helveticus алмастыру өнімінің субстраты	ішке қабылдауға арналған тамшы 100 мл
135.	Сульфазалин	таблеткалар 500 мг
136.	Сульфацетамид	полиэтиленді флакон-тамызғыдағы ерітінді көзге тамызатын тамшы) 30 % 5 мл
137.	Тамсулозин	таблеткалар/капсулалар 0,4 мг
138.	Таурин	флакон-тамызғыдағы ерітінді (көзге тамызатын тамшы) 4 % 10 мл

139.	Тербинафин	құтыдағы гель 1 % 15 г
140.	Тетрациклин	құтыдағы жақпамай 3 % 15 г
141.	Тиамин бромиді	инъекцияға арналған ерітінді 5 % 1,0
142.	Тиамин нитраты (витамин В ₁), пиридоксин гидрохлориді (витамин В ₆), цианокобаламин (витамин В ₁₂)	таблеткалар
143.	Тимолол	флакон-тамызғыдағы ерітінді (көзге тамызаты тамшы) 0,5 % 5 мл
144.	Тимолол малеат, пилокарпина гидрохлорид	флакон-тамызғыдағы ерітінді (көзге тамызаты тамшы) 5 мл
145.	Тиокт қышқылы	таблеткалар 600 мг
146.	Тобрамицин	флакон-тамызғыдағы ерітінді (көзге тамызаты тамшы) 0,3 % 5 мл
147.	Толперизон	пленкалы қабықпен жабылған таблеткалар 15 мг
148.	Сарыбас шөбі, Ошаған жапырақтары, итмұрын жемісі, мия тамыры, тас шөбі, мелисса шөбі, шырғанақ майы	флакондағы май 50 мл
149.	Понтийлық жусан шөбі, тас шөп, қалампыр ағашының қауызы, қара перцаг жемісі, зингибер тамыр сабағы	флакондағы сұйықтық 100 мл
150.	Травопрост	флакон-тамызғыдағы ерітінді (көзге тамызаты тамшы) 40 мкг/мл 2,5 мл
151.	Грамадол	капсулалар 50 мг
152.	Триамцинолон	сыртқа қолдануға арналған жақпамай 0,1 % 1 г
153.	Триметазидин	модификацияланып босатылатын таблеткалар 35 мг
154.	Троксерутин	құтыдағы гель 2 % 40 г
155.	Тропикамид	флакон-тамызғыдағы ерітінді (көзге тамызаты тамшы) 1 % 10,0
156.	Урсодеокихол қышқылы	капсулалар 250 мг
157.	Фамотидин	таблеткалар 10 мг, 20 мг, 40 мг
158.	Феназон, лидокин гидрохлориді	флакондағы құлаққа арналған тамшы
159.	Фенобарбитал	таблеткалар 100 мг
160.	Фенобарбитал, этилбромизовалерианат	пероралді қолдануға арналған тамшы 50 мг
161.	Флуконазол	капсулалар 50 мг
162.	Флумитазон пивалаты, салицил қышқылы	сыртқа қолдануға арналған жақпамай
163.	Флуоцинолон ацетониді	құтыдағы сыртқа қолдануға арналған жақпамай 0,25 % 10,0
164.	Эссенциалді фосфолипидтер	капсулалар
165.	Тазартылған микронизирленген флаванойд	қабықпен жабылған таблеткалар 500 мг
166.	Фрамецитин сульфаты, грамицидин, дексаметазон	флакондағы көзге/құлаққа арналған тамшы
167.	Фузафунжин	флакондағы аэрозоль 50 мг/20 мл 400 мөлшер
168.	Хлорамфеникол	флакон-тамызғыдағы ерітінді (көзге тамызаты тамшы)

169.	Хлорофиллипт	флакондағы спирттік ерітіндісі
170.	Холин альфосцераты	капсулалар
171.	Хондроитин сульфаты	капсулалар
172.	Хондроитин сульфаты, глюкозамин гидрохлориді	таблеткалар
173.	Цетилпиридин хлориді, бензокаин	таблеткалар
174.	Цетиризин	таблеткалар 10 мг
175.	Цефтриаксон	флакондағы инъекция дайындауға арналған ұнтақ 1 г
176.	Цефуроксим	таблеткалар 500 мг
177.	Цианокобаламин	инъекцияға арналған ерітінді 0,05 % 1 мл
178.	Цианокобаламин, тиамин гидрохлориді, пиридоксин гидрохлориді	қабықпен жабылған таблеткалар
179.	Цинкокаин гидрохлориді, гидрокортизон, эскулозид, фрамицетин сульфаты	ректалді суппозиториялар
180.	Ципрофлоксацин	таблеткалар 500 мг, флакон-тамызғыдағы ерітінді (көзге тамызатын тамшы) 3 мг/мл 5 мл
181.	Цитохром С, аденозин, никотинамид	флакон-тамызғыдағы ерітінді 10 мл (көзге тамызатын тамшы)
182.	Шүйіншөп экстракты, бұрыш жалбыз экстракты, мелисса экстракты	таблеткалар
183.	Гинкго билоба экстракты	таблеткалар 80 мг
184.	Гинкго билоба экстракты, троксерутин, гептаминол гидрохлориді	капсулалар
185.	Шүйіншөп тамырының экстракты	таблеткалар 20 мг
186.	Артишок жапырақтарының экстракты	таблеткалар
187.	Сена жапырақтарының экстракты	таблеткалар 70 мг
188.	Ұсақ аратәріздес сабальдің экстракты	капсулалар
189.	Итмұрын жемісінің экстракты	сироп 250,0
190.	Простат экстракты (сампрост)	ректальді суппозиториялар
191.	Түймедақ экстракты, қырмызыгүл экстракты, мыңжапырақ шөбі	флакондағы ішке және сыртқа қолдануға арналған сұйық экстракт 50 мл
192.	Жебіршөптің сұйық экстракты, бәйшешек тамырының сұйық экстракты	флакондағы эликсир 130,0
193.	Дәрілік шүйіншөп экстракты, дәрілік мелисса, тесілген шайқурай, кәдімгі долана, поссифлора инкарнаты, кәдімгі құлмақ, қара жеміс	таблеткалар 200 мг
194.	Аран, алатікен экстракттары	капсулалар
195.	Экстракттар: <i>didomocarpus pedicellata</i> , <i>saxifraga ligulata</i> , <i>rubia cordifolia</i> , <i>cyperus scariosus</i> , <i>achyranthes aspera</i> , <i>onosma bracteatum</i> , <i>vernonia cinerea</i> , мумие, әктің силикаты	таблеткалар
196.	Гинкго билоба экстракты, троксерутин	құтыдағы гель 40 г
197.	Эмоксипин	флакон-тамызғыдағы ерітінді 1 % 5 мл (көзге тамызатын тамшы)
198.	Эналаприл малеаты, гидрохлортиазид	таблеткалар

199.	Эпросартан	таблеткалар 600 мл
200.	Альфа-бромизовалериан қышқылының этил эфирі, фенобарбитал, жалбыздың майы	флакон-тамызғыдағы пероральді қолдануға арналған тамшы 25 мл
201.	Гамсулозин гидрохлориді	таблеткалар 400 мг
202.	Финастерид	таблеткалар 5 мг
203.	Өт, сарымсақ, қалақай жапырақтары, белсендірілген көмір	қабыршықпен қапталған таблеткалар

А с т а н а қ а л а с ы м ә с л и х а т ы н ы ң
2 0 1 0 ж ы л ғ ы 1 3 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
№ 4 1 0 / 5 4 - I V ш е ш і м і н е
2-қосымша

Астана қаласы мәслихатының күші жойылды деп танылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. Астана қаласы мәслихатының 2007 жылғы 17 қазандағы № 16/4-IV "Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету ережесі туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу Тізілімінде 2007 жылғы 23 қарашада № 478 болып тіркелген, 2007 жылғы 29 қарашадағы № 192-194 "Астана хабары", 2007 жылғы 29 қарашадағы № 187 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған).

2. Астана қаласы мәслихатының 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 50/8-IV "Астана қаласы мәслихатының 2007 жылғы 17 қазандағы № 16/4-IV "Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету ережесі туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу Тізілімінде 2008 жылғы 3 наурызда № 491 болып тіркелген, 2008 жылғы 8 наурыздағы № 32-33 "Астана хабары", 2008 жылғы 8 наурыздағы № 27 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған).

3. Астана қаласы мәслихатының 2008 жылғы 9 шілдедегі № 116/18-IV "Астана қаласы мәслихатының 2007 жылғы 17 қазандағы № 16/4-IV "Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету ережесі туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу Тізілімінде 2008 жылғы 15 тамызда № 542 болып тіркелген, 2008 жылғы 21 тамыздағы № 99 "Астана хабары", 2008 жылғы 21 тамыздағы № 102 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған)

4. Астана қаласы мәслихатының 2009 жылғы 29 қаңтардағы № 187/30-IV "Астана қаласы мәслихатының 2007 жылғы 17 қазандағы № 16/4-IV "Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету ережесі туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"

шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу Тізілімінде 2009 жылғы 16 ақпанда № 563 болып тіркелген, 2009 жылғы 19 ақпандағы № 19 "Астана ақшамы", 2009 жылғы 19 ақпандағы № 21 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған) .

5. Астана қаласы мәслихатының 2009 жылғы 31 наурыздағы № 197/31-IV "Астана қаласы мәслихатының 2007 жылғы 17 қазандағы № 16/4-IV "Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету ережесі туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу Тізілімінде 2009 жылғы 29 сәуірде № 574 болып тіркелген, 2009 жылғы 5 мамырдағы № 48 "Астана ақшамы", 2009 жылғы 7 мамырдағы № 53-54 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған) .

6. Астана қаласы мәслихатының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі № 248/38-IV "Астана қаласы мәслихатының 2007 жылғы 17 қазандағы № 16/4-IV "Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету ережесі туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу Тізілімінде 2009 жылғы 22 қазанда № 594 болып тіркелген, 2009 жылғы 27 қазандағы № 120 "Астана ақшамы", 2009 жылғы 27 қазандағы № 128 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған) .

7. Астана қаласы мәслихатының 2009 жылғы 20 қарашадағы № 279/41-IV "Астана қаласы мәслихатының 2007 жылғы 17 қазандағы № 16/4-IV "Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету ережесі туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу Тізілімінде 2009 жылғы 30 желтоқсанда № 608 болып тіркелген, 2010 жылғы 7 қаңтардағы № 1 "Астана ақшамы", 2010 жылғы 7 қаңтардағы № 1-2 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған) .

8. Астана қаласы мәслихатының 2010 жылғы 21 сәуірдегі № 345/46-IV "Астана қаласы мәслихатының 2007 жылғы 17 қазандағы № 16/4-IV "Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету ережесі туралы" шешіміне толықтырулар енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу Тізілімінде 2010 жылғы 14 мамырда № 628 болып тіркелген, 2010 жылғы 18 мамырдағы № 51 "Астана ақшамы", 2010 жылғы 18 мамырдағы № 56 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған).